

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

«Жалпы хирургия» кафедрасы

СӨЖ

Тақырыбы: Хирургиядағы АИВ –инфекцияның алдын-алу.

Қабылдаған: Тулежанов Е.

Орындаған: Әбілтағай Б.

ТОБЫ: ЖМ-317

Түркістан 2016

Жоспары:

- I. Кіріспе
- II. Негізгі бөлім
 1. АИВ-инфекциясына жалпы түсініктеме
 2. АИВ-инфекциясының берілу жолдары
 3. Хирургиялық науқастармен жұмыс жасағанда АИВ-инфекциясының алдын-алу шаралары
 4. АИВ-инфекциясын жұқтырған науқаспен манипуляция жүргізгенде немесе оған операция жасау кезінде қолданылатын сақтық шаралары
 5. «АнтиСПИД» авариялық аптекасы
- III. Қорытынды
- IV. Пайдаланылған әдебиеттер

АИВ-инфекция

- **АИВ-инфекциясы**-түрлі механизмдермен берілетін, созылмалы түрде өтетін, антропонозды, вирусты инфекциялық ауру.
- **Қоздырғышы**...Retroviridae туыстығына жататын РНК-лы вирустар. Тұмау вирустарымен салыстырғанда 100 есе өзгергіш сондықтан инфекция табу өте қиын. Вирустың пішіні дөңгелек, көлемі 100-140 нм вирион, орталық (нуклеокапсид) және сыртқы (суперкапсид) қабаттарынан тұрады. Вирустың сыртқы қабаты фосфолипид пен гликопротеиндерден құралады. АИВ инфекциясы адамның лимфоцит, моноцит, Т-хелпер, макрофагты зақымдайды. Бұл жасушалардың өлуінен адам ағзасы түрлі микроорганизмдер мен бөгде заттардың әсерінен қорғана алмай, иммундық қабілеті мүлде жоғалады.



- **Берілу механизмі:жанасу.Жұқтыру жолдары:**
- **1.Парентаралдық жолмен(жұқтырған адамның қаны,қан препараттары,залалсызданбаған медициналық құралдар:қан жұққан шприц мен иені қайта пайдалану,қан құю,емдеу диагностикалық тексеру,татуировка)**
- **2.Жанасу жолмен,яғни жыныстық жолмен(қорғану тәсілдерін қолданбаған жыныстық қатынас арқылы жұғады)**
- **3.Вертикальді жолмен(босану,плацента,емізу кезінде анадан балаға)**




АИВ инфекциясының парентералды берілу жолы

1. Қан және оның компоненттерін құю кезінде ;
2. Зақымдалған тері мен шырышты қабаттардың
3. АИВ- мен жұқпаланған науқастың қан және басқа биологиялық секреттермен жанасуы кезінде (шәует, қынап сұйықтығы, ликвор, емшек сүті)
4. Контамирленген шприцтерді және инструменттерді қолданған кезде
5. Жұқпаланған ағзаларды, жілік майын ауыстырған кезде, жұқпаланған шәуетпен жасанды ұрықтандыру кезінде

Медицина қызметкерлерінде болатын өнндірістік
жарақат салдарынан 500 – АИВ-инфекциясы жағдайы
тіркелген. Бұл инфекциялардың 90% пайызы
дамушы елдерде орын алған.





АИВ инфекциясының профилактикасы кезінде хирургияда медициналық персоналдың қатаң түрде техника ережелерін сақтауы және құрал-жабдықтарды қатаң стерилизациялауы қадағаланады. Кез келген науқас, әсіресе шұғыл түрде хирургиялық жолмен түскен науқастар потенциалды түрде АИВ –инфекциясын жұқтырып алған болуы мүмкін, сол себепті олармен жұмыс істеу барысында қатаң түрде сақтық шараларын жасаған жөн.

- **АИВ-инфекциясының алдын- алу үшін** барлық хирургиялық науқастар АИВ-ға тексерілуі қажет. (форма №50), хирургиялық бөлімнің медициналық қызметкерлері 6 айда 1 рет HbS антигенге, Вассерман реакциясына, АИВ-инфекцияға қарсы антиденеге қан анализін тапсыруы қажет. Медициналық қызметкердің қауіпсіздігі үшін қанмен жанасатын барлық манипуляциялар тек қана перчаткамен жасалуы керек.





АИВ-инфекциясын жұқтырған науқаспен манипуляция жүргізгенде немесе оған операция жасау кезінде:

- 1. Арнайы маска және перчатка кию қажет.
- 2. Инструменттерді тек лоток арқылы бір-біріне беру қажет;
- 3. Дәрі-дәрмекке толы авариялық аптечканың болуы қажет
- 4. Манипуляция немесе операция кезінде екінші бір маманның болуы, ол перчаткаға зақым келгенде немесе басқа жағдайда дәрігердің жұмысын жалғастыру үшін керек.
- 5. Перчатканы киер алдында тырнақ фалангасының терісін йодпен өңдеу қажет.

- Егер теріге АИВ-ны жұтырған науқастың сұйықтығы түскен жағдайда тез арада оны 70 пайыздық этил спиртімен өңдеп, сабындап жуып, қайтадан этил спиртімен өңдеу керек.
- Егер шырышты қабаттарға түссе, 0,05% калий перманганатымен өңдейміз, тамақты және ауызды 70% спиртпен немесе 0,05% калий перманганатының ерітіндісімен шаю.
- Ине салғанда немесе кескенде қан тиген жерді 5% йод ерітіндісімен өңдеу керек. 30 тәулік бойы профилактика мақсатында 800 мг\тәул. дозада қабылдау қажет.
- Науқастың биологиялық бөлінділері стол үстіне немесе аппараттарға түскен жағдайда олар тез арада зарарсыздандырылады.
- АИВ-инфекцияның алдын – алу мақсатында көп жағдайда бір рет қолдануға арналған шприцтер, инструменттер , системалар қолданылды.
- Инструменттер қолданылып болғаннан кейін 60 мин бойы 3% хлорамин ерітіндісінде немесе 90 минут бойы 6% сутегінің асқын тотығында дезинфекцияланады.

Операция жасау бөлмесінде, таңу бөлмесінде, егу жасау бөлмесінде оңай табылатын жерде міндетті түрде «антиСПИД» деп аталатын авариялық аптечка болуы шарт. Оның құрамында болуы қажет:

□ 3% хлорамин ерітіндісі

□ 6% сутегінің асқын тотығы

□ 70% этил спирті

□ 1% проталгол ерітіндісі

□ 1% бор қышқылының судағы ерітіндісі

□ 1% раствор азотнокислого серебра

□ 5% йодтың спирттегі ерітіндісі

□ 0,05% калий перманганатының ерітіндісі

□ Қосымша перчатка, халат, пипетка, шыны таяқшалар, лейкопластырь, бактерицидтік пластырь, қайшы, стерильді салфеткалар, бинт мақта.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, әдепті өмір сүріп, отбасы бірлігі берік болса, арақ-шарап ішіп, наша тартудан, кездейсоқ жыныстық жақындасудан аулақ болса, әрбір адам өзін-өзі ЖИТС-тен қорғай алады. Медициналық қызметкерлердің АИВ-инфекциясынан сақтануы ең алдымен олардың ауруханаішілік қауіпсіздік және алдын-алу шараларға жіті мән беруіне байланысты.

Пайдаланылган әдебиеттер

- ❖ *Хаитов, Р.М. СПИД. М. Издательство Народной академии культуры и общечеловеческих ценностей. 1992 год. isbn = 5-87416-012-4*
- ❖ *Эпидемия СПИДа. Щелкунов С.Н. Соросовский образовательный журнал. 1999 год. 22–28 л.*
- ❖ *Малый В.П. ВИЧ. СПИД. Новейший медицинский справочник. М. 2009 год. 672 стр. isbn = 978-5-699-31017-3*
- ❖ *Интернет материалдары*

Назарларыңызға рахмет!

